

## ЯСАУИТАНУ

Али ЯМАН

(Түркістан)

## ЯСАУИ ЖОЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА

*В статье говорится об основных особенностях пути Ясауи, таких как поклоняться великим духам, принять во внимание социальную помощь, науку и человеческие качества.*

*Makalede Yesevi yolunun başlıca özellikleri: yüce ruhlarla münacat, zikir, mütevazilik, sosyal yardımlaşmaya, ilim ve düşünceye önem verme gibi hususlar işlenmiştir.*

Осы мақалада Яссауи жолы туралы еңбектерге өзіндік үлес қоса отырып, оның негізгі ерекшеліктеріне қатысты кейбір мәліметтерді ұсынып отырмын. Ең алдымен жылдар бойы жинаған тың мәліметтер туралы мұнда ұсынған пікірлерімде өзгерістердің болуы заңды құбылыс екендігін айтқым келеді.

Кеңес одағының идеологиялық деректерінде коммунизмнің қабылдануында ең маңызды кедергі болып есептелген дінге, тақырыбымыз тұрғысынан Ислам дініне қатысты көзқарас тұрғысынан қысқаша тоқталып өтуді жөн санадым. Бұл жөнінен Яссауилік туралы өзіндік пікіріміз бар. Сондықтан әр түрлі сенім мен этникалық топтардан құралған КСРО-да “Кеңес” адамын тәрбиелеуде “ғылыми” атеистік әрекеттерге үлкен мән берілген. Бұл тәрбие коммунистік партияның баса назар аударған саласы болып табылады (Сұрапбергенов, 1979: 3). КСРО ыдырағанға дейін дінге қарсы және атеистік тәрбиені көздеген сансыз басылымдар жарық көрді. (Мысалы, қараңыз: Бражник-Дольник, 1963; Жанпейісова, 1966; Искаков, 1976). Атеистік тәрбие дінге қарсы күрес және интернационалист Кеңес моделі үшін алғы шарт болды және діннің пайда болуы материалистік көзқарас тұрғысынан зерттелуі тиіс деп саналды. Осы көзқарас бойынша Ислам діні дәулетті топтар тарапынан алдымен қабылданады және бұның себебі – байлардың бас пайдасын қорғауы. (Ақназаров, 1987: 37-38). Түріктердің рухани дүниесіне тән ерекшеліктерге ие болуы тұрғысынан олардың жүрегіннің төрінен орын алған Яссауи жолы да ғылыми атеизмнің таралуында маңызды мәселе ретінде байқалған. Яссауиліктің адамның бүкіл өмірін Аллаға арнауы және өмір сүрудің мәні Аллаға жақындасу екендігіне баса назар аударылып, өркениет пен дамуға қарсы екендігі айтылған. Осы пікір бойынша Ахмет Яссауидің хикметтері мен тариқаты халықты отарлаушы қауымның зұлымдығына шыдауға және өз жағдайына шүкіршілік етуге, бұ дүниенің нығметтерінен ұзақ тұрып, о дүние туралы ойлауға бағыттайды. (Мысалы, қараңыз: Усманов, 1986: 187-188). Алайда, Ахмет Яссауи адал еңбегімен күн көрген адам еді. Ағаш қасық жасап, оны сатумен күнелткен. Ахмет Яссауи хикметтеріндегі “Сопы болмай не істесін, Үйде

істер ісі жоқ, Сопылық жолға түсер, халыққа берер асы жоқ. Ах-ух дегенмен көзінде тамшы жасы жоқ, Сопы болдым әулиесің, Бірақ мұсылман болмадың... Сопы болып нәпсі үшін әр уақыт есікке қарайсың. Сыяпат алып келді ме деп келген кісіге қарайсың...” (Биже, 1998: 151). Сондай-ақ, оның «Фақрнама» атты кітабында мандай терсіз өмір сүруге және дінді адамдарды алдау құралы ретінде қолдануға қарсы пікірлері орын алған. (Зейбек, 2002:47).

Яссауи жолы деген ұғымнан не түсінеміз? Бұл жолдың негізгі ерекшеліктері қандай? Енді осы мәселені қарастырамыз. Алайда, алдымен бұл жолы түсінуімізге қиындық туғызатын кейбір себептерге тоқталып өтейік. Бұл себептерді басқа мақаламызда егжей-тегжейлі қарастырғандықтан бұл жерде негізгілеріне тоқталамын. (А.Яман, 2002: 107-118) Бұл жерде ең маңызды мәселе – Яссауи кезеңіне қатысты деректердің жеткіліксіздігі. Тағы бір мәселе – қолда бар әдебиеттердің Ахмет Яссауи және оның жолын өз пікірлері бойынша түрлендіріп беруі. Келесі бір мәселе – хикметтердің жазылған қалпында біздің дәуірімізге дейін жетпеуі, әрдайым өзгертілуі.<sup>1</sup> Бұл мәселеде Көпрүлү мынадай мәліметтер ұсынады: “... Ахмет Яссауи болсын, осы тариқатқа мүше ақын-дәруіштер болсын, осы уағыз үшін көне түрік халық әдебиеті үлгілері болып есептелетін өлеңдер жазған. Алдымен Яссауиліктен шыққан және Мауераннахрдің 15-16 ғасырлардағы фанаттық ортасынан әсер алған Нақышбенди тариқатының мүшелері ұлы пірлері Ахмет Яссауи туралы бірқатар нәрселер жазған, оған қатысты деректер осылар. Бұл ақындар Яссауиліктің алғашқы түрін және Ахмет Яссауиді тарихи шындыққа сай түрде суреттемеген, өз қалаулары мен көзқарастары бойынша ақиқатты толығымен өзгерткен. Алайда, Яссауилік алғаш таралған көшпенді түрік аймақтарының талаптары және дін өзгерту психологиясының жалпы қағидалары назарға алынатын болса, мұның мүмкін еместігіне көзіміз жетеді. Негізінде осы кейінгі Нақышбенди ақындарының барлық өзгертулеріне қарамастан Яссауиліктің көшпенді түрік аймақтарына таралғандығы, көне түрік политеизмінен біршама әсерленгендігі және рәсімдерінде көшпенділердің салтына сай түрде әйелдер мен ерлердің бірге болғандығы, ескі шаман рәсімдеріндегі сияқты музыка, өлең және экстаздық билердің жүзеге асырылғандығы олардың жазбаларынан-ақ аңғарылады. Негізінде түріктердің көне діни салттарымен осылайша үйлеспесе, Яссауилік

<sup>1</sup> Бұл мәселеде В.В.Бартольд пен Тоганның мәліметтеріне назар аударайық: “...Оның мистика мәндес өлеңдері танымал болып, тіпті қазірге дейін Орта Азия ақындары осыған еліктейді. Өкінішке орай, бұл өлеңдер танымал болғандықтан бастапқы қалпында бізге жетпеген; бірқатар жазып көшірушілер өз дәуірлеріне қарай алғашқы тілін өзгертіп тұрды...” (В.В.Бартольд, 1968: 117-118) “...Әр түрлі нұсқалардың мазмұнына қарай салыстырмасы “Яссауи Құл Қожа Ахметке тән қасидалардың көпшілігі Мақтұм Құлы және сол сияқты атақты халық ақындарының шығармаларындағы сияқты кейіннен қосылған және Яссауидікі деп есептеліп кеткен деген дәлелдейді...” (Тоган, 1953: 527)



халық арасына осынша тез тарап, исламдандыру ролін атқара алмас еді...”<sup>2</sup> (Бартольд-Көпрүлү, 187) Бұл жерде қорытындыланған барлық осы мәселені түсінуге қиындық тудыратын элементтерге зерттеушілердің субъективті көзқарастарын да қосатын болсақ, Яссауи жолын түсіну барынша қиындай түседі.

Алдымен Қожа Ахмет Яссауидің қандай тұлға болғандығын жақсылап түсіну керек. Басқаша айтқанда, қандай әлеуметтік ортаның мүшесі еді? Тағы бір маңызды мәселе – Қожа Ахмет Яссауидің қандай ортаға арнап жазғандығы. Біз Яссауи жолы ұғымының осы негізгі сұрақтар мен мәселелер шеңберінде шешімін табатынына сенеміз. Тақырыпқа қатысты қате көзқарас бәлкім осы сұрақтарға берілетін жауаптармен түзеледі деген ойдамын.

Ахмет Яссауидің өмір сүрген кезеңіне қатысты әр түрлі көзқарастарға тоқталмаймыз. Мұның қажеті де жоқ. Оның 11-12 ғасыр аралығында өмір сүргенін назарға алсақ, оның түрік сенімі мен дәстүрлері бойынша өсіп-жетілген тұлға екендігін айтуымызға болады. Сондай-ақ, Ахмет Яссауиді Ислам дініне өту кезеңіндегі негізгі тұлға ретінде көреміз. Ол ескі сенімдерге сай келетін Ислам түсінігін қалыптастыруға және мұны дәстүрлерін діни бұйрықтардан жоғары қоятын<sup>3</sup> түрік қауымдарына қабылдануға қол жеткізген. Бұл шынында да үлкен жетістік. Және Ахмет Яссауиге түрік сопылығының негіздерін қалаған тұлға сипатын берген де осы жетістік.

Имам Хүсамеддин Хусейн бин Али Сығнаки (қ.б.ж. 1311) жазған және Ахмет Яссауиге қатысты аңыздар жазылған “Менакыб-ы Ахмед-и Яссауидағы” мына сөздер оның қандай түрікмен бабасы екендігін толық сипаттайды: “... Мына нәрсені білу керек: Шейх Ахмет Яссауи 170 кемел және жетілген пірге қызмет етіп, рұқсат, тариқат рұқсаты және бұйрық алып, олардың әрқайсысынан бешпет киіп, дауыстап оқитын зікір, сема және би рұқсатын алған... бұқара халықтың уағыздау әдісін үйреніп, көшпенді дәруіштер тобынан болып, шаштарын кесіп, сақал, мүрт және қастарын алды... 40 жыл Календерилермен саяхат жасап, Қызыр және Ильяспен достасты...” (Тосун, 1998: 78-79) Осыған ұқсас ерекшеліктерді Анадолыдағы “баба”, “деде”, “абдал”, “шейх”, “гази”, “қажы” сияқты лақаптармен

<sup>2</sup> Тағы да Көпрүлү Ахмет Яссауи және Яссауи жолы туралы мәлімет беретін әдебиеттерден: “... бірқатарының Орта Азияда Нақышбендия тариқатының құрылуынан 15 ғасырда Осман империясы мемлекеттеріне таралғаннан кейін пайда болғандығы назарға алынса, олардың Ахмет Яссауиді толығымен Нақышбенди көзқарасы бойынша суреттегендіктері байқалады...” дейді. (Көпрүлү, 1993: 212)

<sup>3</sup> 1863 жылы Орта Азиядағы саяхаттарына қатысты әсерлерін жазған мажар тектес саяхатшы Арминиус Вамберидің пікірінше түріктердің “...діннің бұйрықтарына бағыныштылықтары екінші орында тұрады. Кейбір айрықша жағдайлардан тыс жалпы алғанда салт-дәстүрді діни бұйрықтардан артық санайды... Ислам дінінің сегіз жүз жылдан бері осы халық арасында дәстүр деп аталатын ескі әдеттерді жоя алмағандығына, дін ғалымдарының үгіттеріне қарсы дін тыйым салған бірқатар әдеттерді әлі күнге дейін дұрыс деп санайтындығына назар аударылуы керек...” (Вамбери, 1993: 51-52)

танылған дәруіштерден де байқауға болады. Бұл дәруіштер де көштер арқылы Орта Азиядан Анадолыға келген. (Мысалы, қараңыз: Баркан, 1942)

Оның өмір сүрген кезеңі Ислам дінін қабылдаудың отырықшы халықтан алыс көшпенді және жартылай көшпенді орталарда әлі жалғасын тапқан кезеңі болып табылады. Мысалы, Ахмет Яссауидің ұстазы болған және осы мәселедегі аңыздары халық арасында әлі де сақталып келе жатқан Арыстан Баб (Арслан Баба) Ислам дінін қабылдаған түрікмен шаманы болған деген жорамал бар. Оны діни көсемдікпен қатар халық емшісі болғандығы әлі күнге дейін айтылып келеді. Ахмет Яссауидің хикметтерінде ең көп соның есімі аталады. Арыстан Баб кесенесінің жанында Қарға Баб және Лашын (түрік тілінде *şahin*) Баб сияқты түрікмен бабаларының болуы олардың өмір сүрген ортасын айқын көрсетеді. “Арслан, Қарға, Лашын” атауларының түріктерге тән екендігі даусыз. Ол кездерде түрік есімдері қолданылған деуге болады. Алайда кейінгі кезеңдерде байқалғанындай түрік қауымдары арасында араб және парсы есімдері де қолданыла бастаған. Тағы бір маңызды мәселе Арыстан Бабтың әсер ету ортасы және кесенесі орналасқан Отырарға қатысты. Бұл жер Бұқара мен Самарқан сияқты дамыған қалалардан өте қашық орналасқан. Бұл жер қалалардағы медресе мәдениетінен тыс құрылымға ие еді. Бұл ортада өмір сүрген түріктердің алдында үлкен беделге ие тұлғалар Арыстан Баб сияқты Ислам дінін қабылдаған түрікмен бабалары еді<sup>4</sup>. Тимошинов та ежелгі түріктердің қасиетті әулиелері болған Баба Дихан, Бүркіт баба, Шолпан ата сияқты тұлғалардың Ислам діні қабылдануымен бірге мұсылман әулиелер ретінде айтыла бастағандығын жазған болатын. (Тимошинов, 2001:106)

Осы мәселе бойынша тағы бір мысал Қорқыт ата жайында болмақ. Қобыз, яғни, музыка және өлең, яғни, сөз оның өнерінің негізін қалыптастырған еді. Ислам дінін<sup>5</sup> қабылдаған бұл ата қобызы және сөздерімен Исламдық элементтер мен мәселелерді насихаттаған. Алайда, бұл әдіс Ислам діні қабылданғанға дейінге кезеңге сүйенетіндігі күмәнсіз. Қорқыт ата жайындағы аңыздарда түрік әдет-ғұрыптары, мифологиялық қаһармандықтары мен кереметтері жиі айтылады. (Ергин) Демек, Ислам дініне өту көне түрікмен шаман-жырауларының ғасырларға созылған рухани құрылымын және халық алдындағы беделін жоя алмады. Оның орнына көне шаман-жырау дәстүрінің қызметтеріне Исламнан кейін әр түрлі қызметтер

<sup>4</sup> Хажы Бекташ Уәли де Анадолыда дәл сол сияқты қала мәдениетінен ұзақ, дамымаған қазіргі аты Хажыбекташ болған Сулужа Карахөйүкке орналасқан болатын. Бұл жағдай осындай сопы мен бабалардың өмір сүрген ортасын көрсетеді.

<sup>5</sup> Кейбір деректерде Қорқыт атаның түрік шаманы болғандығы айтылады. (Тимошинов, 2001:106) Сонымен қатар, Қорқыт ата халық арасындағы әпсаналар бойынша алғашқы музыкалық құрал болып есептелетін қобызды жасаған шаман және шаман пірі болған. (Ислам в СССР, 1983:90) Оның қазақ-қырғыз сенімінде бақсылардың пірі болғандығы туралы деректер де кездеседі. (Түрік дүниесінің ортаңғы әдебиеті, 2001:324)



қосылды немесе қайтадан құрылды. Осының нәтижесінде “Ата”, “Баба” деген лақап тағынған шаман-жыраулар “Пір”, “Шейх”, “Деде”, “Ата”, “Баба”, “Қожа”, “Ишан” деп аталатын рухани тұлғаларға ауысты. (қараңыз: Меликофф, 1998:40) Міне, Арыстан Баб сияқты бабаларға осы тұрғыдан қарау керек. Әйтпесе, Ахмет Яссауи және кейінгі жылдардағы Яссауи жолының ізбасарларын түсінуде қиындық шегуіміз мүмкін.

Ислам діні 9-10 ғасырларда түріктер арасында таралған тұста көшпенді аймақтарда әлеуметтік, экономикалық және мәдени құрылымдарына қарай қолдау тауып, сол құрылымға сәйкестенуге мәжбүр еді. Араб тілін білмейтін және Исламдық негізгі әдебиеттерді оқымаған бұл топтарға Исламды тек Арыстан Баб және Қорқыт Ата сияқты тұлғалар жеткізе алар еді және солай болды да. Міне, Ахмет Яссауи және оның жолы осындай негізде құрылды. Ахмет Яссауи осы берік негізден бастау алып, түрік дәстүрімен қатар өте ықпалды құрал болған хикметтерді шебер қолданды. Ахмет Яссауидің өмір сүрген кезінде Яссы (қазіргі Түркістан) мен оның маңайында көшпенді және жартылай көшпенді қауымдар басым болды, медресе дәстүрі жетілмеген, ауыз әдебиеті үстем болған және Исламды қабылдаумен қатар, ескі сенімдерін ұстанған әлеуметтік орта қалыптасқан еді. Өзі мүше болған түрікмен қауымдарының сезім, ой-пікір және бейімділіктерін жақсы білетін Ахмет Яссауи де Қорқыт Ата сияқты көне түрік сенім жүйесінің көптеген элементтерін ұстанып, Исламмен біртұтастандырып, әр түрлі формаларда жалғастырылуы үшін жаңа әдістерді дамытқан еді. Түрік қауымдарының Исламды қабылдауы тұрғысынан да осы жол өте орынды еді. Қожа Ахмет Яссауи де жоғарыда айтылған басқа да түрікмен бабалары сияқты қала өмірінен шет, ауыз әдебиетіне сүйенген, медреседе оқып білім алмаған, көшпенді және жартылай көшпенді топтарға Ислам дінін таратуда еді. Барнестің өте орынды айтылған сөзі бойынша “...Ахмет Яссауи Исламның қауым мүшелерімен байланыс құрудың тек қана осындай мәдени формада және сезімдік терминдермен түсіндірілуі керектігін білді. Қауымдардың жыраулары бар болатын, ақындар эпостық жанрда өлеңдер жазатын, сол себептен Ахмет Яссауи өлеңді білім құралы етіп таңдады. Өйткені, ол кезде діни және адамгершілік тәрбие құралы суырып салып айтылатын өлеңдер оқу және музыкалық аспапта ойнау еді...” (Барнес, 1997: 113) Гордлевскийдің пікірінше де Ахмет Яссауи өлең, яғни хикметтерін көшпенді халықтар үшін Исламды тарату және білім құралы ретінде қолданды. (Гордлевский, 1988: 322). Мәселеге барынша субъективті түрде қараған зерттеушілер болумен қатар тақырыптың негізін дұрыс түсінген немесе уақыт ағымында осылай қабылдауға мәжбүр болған зерттеулер де кездеседі. Мысалы, Яссауи жолының Ислам дінінің көне түрік дәстүрлерімен бірігуінен туындағандығы және шектен шыққан сопылықтан гөрі ұлттық дәстүрлерге жақын болғандығы туралы пікірлер орын алады. (Ислам. Словарь атеиста 1988:252-253)

Олай болса осы мәліметтерге сүйене отырып, Яссауи жолының басты негіздерін қалай анықтауға болады? Хикметтер уақыт өте келе өзгерістерге

ұшыраған, олардың бастапқы қалпына қол жеткізу мүмкін емес. Сондай-ақ, ол туралы мәлімет беретін ескі әдебиеттер де толық дерек ұсынбайды. Қолда бар мәліметтердің көбіне аңыздарға сүйенетіндігі назар аудартады. Барлық осы мәселелерге қарамастан Яссауи жолының негіздерін әдебиеттерді мұқият түрде қолдану арқылы анықтауға болады. Аңызнамалардан да өте маңызды деректер алуға болады.

Біздің ойымызша, Яссауи жолының ең маңызды ерекшелігі – халықтың тіліне, сеніміне және дәстүрлеріне мән берілуі. Хикметтердің тілі, терминологиясы және мазмұны осыны айқын көрсетеді. Осы мәселеде біраз мысалдар берелік: Ахмет Яссауидің хикметтерінде Исламнан бұрынғы түрік сенім жүйесінен келген ұлы рухтарға табыну мотиві кездеседі. Қазақстанда, Түркияда және басқа да түрік мемлекеттерінде бұл сенім кеңінен орын алған. Яссауи бір хикметіндегі “Бір жасымда рух келіп пай берді” деген өлең жолында Арыстан Бабтың рухының оны қорғайтынын айтады<sup>6</sup>. (Нысанбаев, 2000:327) “Әр таңда дауыс келді құлағыма” (Биже, 1998:9), “Хош ғайыптан құлағыма илхам келді” (Биже, 1998:10) “Бабамның рухы салды мені бұл гурбетке” (Биже1998:31) түріндегі аталар рухына қатысты хикметтерде кездесетін мысалдарды көрсетуге болады. Қазірде бүкіл түріктер өмір сүретін территорияларда орналасқан сансыз ата, баба кесенелеріне жасалған зияраттар да ұлы рухтарға табыну дәстүрінің жалғасы болып табылады.

Ахмет Яссауи өзі шыққан қоғамның тілін қолданып, оларға халық тілінде, яғни түрік тілінде арнап жазған. Түрік қауымдарының тілін, сенімін және дәстүрлерін Ислам дінінің жаңа қағидаларымен өте шебер тұтастыра білген. Бұл жерде діннің маңызы зор, өйткені тіл ұлттарды біріктіріп ұстап тұратын ең маңызды элемент. Ахмет Яссауи хикметтерінде ғалымдардың түрік тілін қолданбағандығын, аяттар мен хадистердің түрікше түсіндірілуі керектігін және парсы тілін біле тұра түрік тілін қолданғанын айтады. (Зейбек, 2002:61). Оның осы тіл мәселесі Хажы Бекташ Уәли, Жүніс Емре сияқты ізбасарлары тарапынан да жалғасын тапқан. Ахмет Яссауидің хикметтері мен Жүніс Емренің нефестерін қаншама ғасырлардан кейін де түрік халқының оңай түсіне білуі осының нәтижесі болып табылады. Қазіргі кезде халықтың түсінуіне қиын ұлы сопы Мәулана Желаледдин Румидің Месневиі, классикалық мектеп ақындарының шет тілінің өрнектері басым өлеңдері мен Ахмет Яссауи және оның ізбасарларының өлеңдері арасындағы айырмашылық осында.

Ахмет Яссауидің жолында әсерлі бір діни дәстүр – зікір кездеседі және бұл зікір көне түрік діндарлары болған шамандардың діни жиналыстарының Исламдық сипаттағы жалғасы болып табылады. Сондай-ақ, осы зікір арқылы Тәңірге жақындау Исламнан бұрынғы түріктердің діндарлары болған шамандардың трансқа кіріп, рухтармен табысуымен парапар. (Ибрагимов,

<sup>6</sup> Алеви жырауы Пір Сұлтан Абдалдың мына сөзі осындай ықпалдың Анадолыда да кездесетінін көрсетеді. “Ол рух кірді маған Хайдар дос деді” (Өзтелли, 1996:69)



2000:91) Яссауи жолы дауыстап оқитын зікірді негізге алады. Қатысқан адамдарды толқытатын зікір кезінде шыққан дауысқа байланысты «зикри ерре» («қолара зікірі») деп аталған<sup>7</sup>. Шиммелдің пікірінше толқынысты шаман билері Яссауи жолында зикри ерре сипатына ие болған. (Шиммел, 1975:176). Ескі шаман-жыраулар басқарған жиналыстардағы сияқты әйелдер мен ерлер бірге Яссауи зікіріне қатысады. (Меликофф, 1998:38). Тіпті, бұл әрекет кертартпа дін орталарында да қатаң сынға алынған. Түркияда Алеви-Бекташи қоғамдар<sup>8</sup> және Қырғызстанда Лахчилер<sup>9</sup> Яссауи жолының зікірлерін қазірге дейін жеткізген және зерттеуді қажет ететін тақырыптар болып табылады.

Яссауи жолының тағы бір ерекшелігі – әлеуметтік жәрдемге мән беру. Яссауи “ғаріп, пақыр, жетімдерге” жәрдем беруге хикметтерінде баса назар аударады. Яссауидің ойынша Хаққа жетудің жолы осында. «Диуани хикметтін» түрлі бөлімдерінде орын алған мына жолдарға қарайық: (Биже, 1998:3-4)

Қайда көрсең көңілі сынық мерхем болғыл,  
Ондай мазлум жолда қалса, жолдас болғыл.  
Мақшар күні дергахыңа жақын болғыл,  
Менменсіген халайықтан қаштым міне.

...Ғаріп, пақыр, жетімдердің елші халін сұрап,  
Сол түні Миғражға шығып, Дидар көрді.  
Қайтып түсіп, пақырлардың халін сұрады,  
Ғаріптердің ізін іздеп түстім мен міне.

...Ғаріп, пақыр, жетімдерді қылғын шадман,  
Алқалап, азиз жаныңды қылғын құрбан.  
Тағам тапсаң, жаныңмен қылғын мехман.  
Хақтан естіп, бұл сөздерді айттым міне.

Яссауи жолының тағы бір ерекшелігі – ол кішіпейілділік және адам сүйіспеншілігіне сүйенеді. Бұл – сопылықтағы маңызды мәселе. Яссауи жолында оның одан әрі жетілдірілгендігі байқалады. Ахмет Яссауи мұны мына бір хикметінде айқын бейнелейді (Хаккулов, 1990:9):

Сүннет екен, кәпір де болса, берме азар.  
Көңілі қатты, дін азардан Құдай бизар.

<sup>7</sup> Беннигсен, Яссауи тариқатының негізгі зікірі болған бұл зікірдің Кеңес дәуірі кезеңінде үнсіз зікірге ауысқанын айтады. (Беннигсен, 1988:86)

<sup>8</sup> Бұл мәселеде мына еңбегіме қарауыңызға болады: (Яман, 2001)

<sup>9</sup> Бұл мәселе бойынша қолда бар ең маңызды әдебиет қырғыз тарихшысы С.Мәмбетәлиевтің еңбегі. (Мәмбетәлиев, 1969:17-18, 30-34)

Яссауи жолының тағы бір ерекшелігі ғылымға мән беру болып табылады. Ахмет Яссауи хикметтерінде надандардан шеккен азаптары және ғалымдарға қызмет көрсету туралы айтады. (Зейбек, 2002:51-52):

Алдымен жақсылар кетті, жалғыз қалдым,  
Надандардан бір жақсы сөз естімедім.  
Дана кетті надандардан шектім жапа,  
Жол таба алмай, адасып қалдым міне.

Құл Қожа Ахмет ғалымдарға қызмет қылғын,  
Ғалымдардың сөзін естіп, амал қылғын.  
Амал қылып, Хақ жолында жаныңды бер,  
Амалсыздар дидар көрмес ей достарым.

“Ана-л-Хактың” мағынасын надан білмес,  
Дана керек бұл жолдарға нағыз мерттер.

Яссауи жолында назар аударарлық тағы бір мәселе адамның жетілуі үшін бір жол көрсетушіге, яғни пірге мән беру болып табылады. Мұны Ахмет Яссауидің хикметтерінен де байқаймыз. Мысалы, “Пір етегін ұстап, батын көзін аштым” (Биже, 1998:25), “Пір камил талибтердің жол басшысы” (Биже, 1998:40), “Талаптанып пір қызметін атқарғым келер” (Биже, 1998:70), “Мүршид-и камил қызметіне барып жүр” (Биже, 1998:120), “Пір камил қызметінде жапа шек” (Биже, 1998:122) сияқты өлең жолдары Ахмет Яссауидің кемел бір жол көрсетуші, яғни пір-и камил<sup>10</sup> жетекшілігінде кемел адам болу философиясын алға тартады. Бұл философия көне түрік дәстүрлерінің Исламмен біріктірілуі нәтижесінде жүзеге асқан деуге болады. «Пір камил» деп қабылданған тұлғалардың қайтыс болғаннан кейін де қасиетті саналуы және мазарларының уақыт өте келе халық құрмет көрсететін зиярат орындарына айналуы аталарға табынуға байланысты.

Түріктер қабылдаған тариқаттардың зікір, дастархан және киіну салтына қатысты әдістердің негізінің де Яссауи кезеңінде қаланғаны шамаланады. Бұл әдістердің кейбіреулерінің жойылғандығы, кейбіреулерінің сол қалпында сақталғандығы немесе біршама өзгерістерге ұшырағандығы ақиқат. Яссауиліктің түрік тарапынан және түріктер арасында құрылған алғашқы тариқат болуына байланысты осындай негіз қалыптастыра алады деген ойдамыз. 1900 жылдардың басына дейін жүзеге асырылғандығы айтылатын құрбан, зиярат және дастархан мәдениетіне қатысты мәліметтердің Яссауи кезеңімен қаншалықты дәрежеде байланыстылығы туралы жеткілікті мәліметіміз болмаса да байланыстың болуы күмәнсіз. Орыс зерттеушісі Гордлевский 1929 жылы Түркістанға жасаған саяхатында бұл тақырыпта біраз мәліметтер береді. (Гордлевский, 1932)

<sup>10</sup> Хикметтерде “пір” және “пір-и камил” ұғымдары жиі кездеседі (Биже, 1998: 14,25,31,48, 72, 118 және жалғасы)



Қорытынды ретінде Ясауи жолы тақырыбында жасалатын зерттеулер мен оның құрылысына қатысты ерекшеліктердің толығымен айқындалатынын айтуға болады. Оның өткеніміз бен бүгінгімізді түсіну тұрғысынан алғандағы мәні осы зерттеулердің жалғастырылуын керек етеді. Құдай бәрімізге күш қуат берсін.

#### ЭДЕБИЕТТЕР<sup>11</sup>

1. АҚНАЗАРОВ, Х. З. (1987): “Исламның Қазақстанға Енуі”, СОВЕТТІК ШЫҒЫС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМ, К. Ш. Шулембаев, Алматы, Казакстан Баспасы, стр. 37-51.
2. BARKAN, Ömer Lütfi (1942): “İstila Devirlerinin Kolonizatör Türk Dervişleri ve Zaviyeler”, VAKIFLAR DERGİSİ, sayı: II, s.279-365.
3. BARNES, John Robert (1997): “Osmanlı İmparatorluğu’nda Tarikatlar”, TÜRKİYE GÜNLÜĞÜ, sayı:45, (Mart-Nisan 1997), s.113-117.
4. БАРТХОЛД, В. В. (1968): СОЧИНЕНИЯ, “ғылым”, наука, издательство, Москва, т. V, стр. 117-118.
5. BARTHOLD, Wilhelm-Köprülü (ty): (Başlangıç İzah ve Düzeltmeler Fuat KÖPRÜLÜ) İSLAM MEDENİYETİ TARİHİ, Ankara, Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 5.b.
6. BENNIGSEN, Alexandre, Chantal Lemercier-Quelquejay (1988): SUFİ VE KOMİSER, RUSYA’DA İSLAM TARİKATLARI, Çev. Osman Türer, Ankara, Akçağ Yayınevi.
7. BİCE, Hayati (Haz.) (1998): HOCA AHMED YESEVİ, DİVAN-I HİKMET, Ankara, Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları.
8. БРАЖНИК, И.И. – Ф. И. Долгих (ЭД.) (1963): О РЕЛИГИИ ХРЕСТОМАТИЯ, Москва, Государственное издательство.
9. ERGİN, Muharrem (ty): DEDE KORKUT KİTABI, İstanbul, 16. b., Boğaziçi Yayınları.
10. GORDLEVSKİ, V. : “Hoca Ahmet Yesevi”, FESTSCHRIFT GEORG JACOB, Leipzig, 1932, s. 57-67. (Bu makalenin bulunması ve çevirisi konusunda yardımlarından ötürü Mainz Üniversitesi’nden Dr. Aşkın Bozkurt’a teşekkürü bir borç bilirim.)
11. GORDLEVSKİ, V. (1988) : ANADOLU SELÇUKLU DEVLETİ, Çev. A.Yaran, Ankara, Onur Yayınları.
12. HAKKULOV, İbrahim (1990): AHMET YESEVİ HİKMETLER, Taşkent, Gafur Gulam Neşriyatı.
13. ИСКАКОВ, А. (1976): ИСЛАМ ДІНІНІН ЖАҚСЫЛЫҚ, ЖАМАНДЫҚ ЖӘНЕ ӨМІРЛІК МАҚСАТ ТУРАЛЫ УҒЫМДАРЫНА СЫН, алматы, Казак ССР ғылым коғамы.
14. ИСЛАМ В СССР. (1983): ИСЛАМ В СССР. ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА СЕКУЛЯРИЗАЦИИ В РЕСПУБЛИКАХ СОВЕТСКОГО ВОСТОКА,

<sup>11</sup> Орысша кітаптар Ғылым Орталығы зерттеушісі Энгин Ақгүн тарапынан аударылған.

- АКАДЕМИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ Наук При ЦК КПСС Институт Научного Атеизма Москва “ Мысль”.
15. ИСЛАМ СЛОВАРИ АТЕИСТА (1988), издательство Политической Литературы, Москва.
  16. İBRAHİMOV, Şakir (2000): “Ahmed Yesevî Düşünceleri ve Tengrilik”, 1. ULUSLARARASI HACI BEKTAŞ VELİ SEMPOZYUMU BİLDİRİLERİ, 27-28-29 Nisan 2000, Ankara, s. 89-92.
  17. ЖАНПЕЙИСОВА, К. (1966): ҚАЗАҚ АУЫЗ ЭДЕБІЙЕТІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ПІКІРЛЕР, Алматы, Қазақстан Баспасы.
  18. KÖPRÜLÜ, M. Fuad (1993): “Ahmed Yesevi” md., İSLAM ANSİKLOPEDİSİ, c. 1, İstanbul, Milli Eğitim Basımevi, s. 210-215.
  19. МАМБЕТАЛИЕВ, Сатыбалды (1969): ПЕРЕЖИТКИ НЕКОТОРЫХ МУСУЛЬМАНСКИХ ТЕЧЕНИЙ В КИРГИЗИИ И ИХ ИСТОРИЯ, “Мектеп” Фурунзе.
  20. MELIKOFF, Irene (1998): HACI BEKTAŞ EFSANEDEN GERÇEĞE, İstanbul, Cumhuriyet Kitapları.
  21. MİLLETLERARASI AHMET YESEVİ SEMPOZYUMU BİLDİRİLERİ, 26-27 Eylül 1991, Ankara, 1992.
  22. NİSANBAYEV, Abdimalik (2000): “Hoca Ahmed Yesevi'nin Dünya Görüşü”, 1. ULUSLARARASI HACI BEKTAŞ VELİ SEMPOZYUMU BİLDİRİLERİ, 27-28-29 Nisan 2000, Ankara, s. 316-337.
  23. ÖZTELLİ, Cahit (1996): PİR SULTAN ABDAL, BÜTÜN ŞİİRLERİ, İstanbul, 8.b., Özgür Yayınları.
  24. SCHIMMEL, Annemarie (1975): MYSTICAL DIMENSIONS OF ISLAM, Chapel Hill, The University of North Caroline Press.
  25. СҰРАПБЕРГЕНОВ, А. (1979): ИСЛАМ ДІНІНІҢ РЕАКЦИЈАЛЫҚ МӘНІ “ҚАЗАҚСТАН” Баспасы, Алматы
  26. ШУЛЕМБАЕВ, К. Ш. (1987): СОВЕТТІК ШЫҒЫС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ИСЛАМ, Алматы, Қазақстан Баспасы.
  27. ТИМОШИНОВ, ВИКТОР (2001): КУЛЬТУРАЛОГИЯ КАЗАКСТАН ЕВРАЗИЯ ВАСТОК ЗАПАД, Алматы.
  28. TOGAN, Zeki Velidi (1953): “Yeseviliğe Dair Bazı Yeni Malumat”, FUAD KÖPRÜLÜ ARMAĞANI, İstanbul, s. 523-529.
  29. TOSUN, Necdet (1998): “Ahmet Yesevi'nin Menakıbı”, İLAM ARAŞTIRMA DERGİSİ, c. III, sayı:1, Ocak-Haziran 1998, s. 73-81.
  30. TÜRK DÜNYASI ORTAK EDEBİYATI (2001): TÜRK DÜNYASI EDEBİYAT KAVRAMLARI VE TERİMLERİ ANSİKLOPEDİK SÖZLÜĞÜ, c. 1, Atatürk Kültür Merkezi Yayını, s. 324-328.
  31. УСМАНОВ, М. А. (1987): ИСЛАМ СПРАВОЧНИК, Ташкент, Ўзбек Совет Энциклопедияси Бош Редакциясисв.
  32. VAMBERY, Arminius (1993): BİR SAHTE DERVİŞİN ORTA ASYA GEZİSİ, Haz. N.A.Özalp, İstanbul, Ses Yayınları.
  33. YAMAN, Ali (2002): “Yesevilik Araştırmalarının Sorunları Üzerine Bir Deneme”, TÜRKÖLOGYA, Türkistan, (Kırküyek-Kazan 2002), no: 1, s. 107-118.
  34. ZEYBEK, Namık Kemal (2002): AHMET YESEVİ YOLU, Ankara, Ahmet Yesevi Vakfı Ay Basım Yayınları.